

Абитуриенттерге арналған «Дарынды сценограф» байқауы

«Сценография» кафедрасы жыл сайын Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының абитуриенттерін көктемгі семестрде өтетін республикалық «Дарынды сценограф» байқауына шақырады.

Байқаудың мақсаты:

- талантты жастарды табу және тарту;
- жастардың шығармашылық әлеуетін қолдау;
- жас сценографтардың шығармашылығының дамуына жәрдемдесу;
- сценография саласындағы тәжірибе мен білім алмасу;
- байқау жеңімпаздарына ағымдағы оқу жылында Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына «Сценография» білім беру бағдарламасы бойынша грантқа түсу мүмкіндігін ұсыну.

Бұл мүмкіндікке ҰБТ-дан өту баллымен байқаудың келесі номинацияларында лауреат атанған және шығармашылық емтихан тапсырмайтын жеңімпаздар үміткер болады:

- Мультимедиялық сценография
- Театр, кино және теледидардың гримі
- Кино және теледидардың қоюшы-суретшісі.

Байқау келесі бағдарламалар бойынша өтеді:

1) «Мультимедиялық сценография» – театрдағы сахна дизайнын және қойылымның визуализациясын жасау, театрға арналған цифрлық декорациялар жасау, Олимпиада, ЭКСПО көрмелері сияқты ауқымды іс-шаралар, стадиондардағы концерттер, теледидар көрмелері үшін дизайн әзірлеу.

2) «Кино және теледидардың қоюшы-суретшісі» – кино, телевизиялық қойылымдар үшін драматургияның визуализациясын жасау. Бұл бағдарламаның кең ауқымды мүмкіндіктері болашақ түлектерге толықметражды фильмдер, кино, жарнама жобаларында жұмыс істеуге зор мүмкіндік береді.

3) «Театр, кино және теледидардың гримі» – болашақ түлектерге киноиндустрия жобаларында, театр қызметінде, жарнамалық кампаниялар мен сұлулық индустриясында жұмыс істеу мүмкіндіктерін береді.

«Дарынды сценограф» байқауының қатысу шарттары мен ережелері сайтта жарияланады, сауалнама мен өтініш қоса ілінеді.

Байқаудың ұйымдастырушысы – Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, «Театр өнері» факультеті, «Сценография» кафедрасы.

Жаңалықтарды ресми сайттан kaznai.kz немесе инстаграмдағы [@oner_akademiasy](https://www.instagram.com/oner_akademiasy), [@_kaznai_scenography](https://www.instagram.com/_kaznai_scenography) парақшаларынан бақылауға болады.